

ӘДЕБИЕТТАНУ

Темірхан Сақаұлы Тебегенов,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Қажым Жұмалиев - әдебиеттанушы ғалым және жазушы

Әлем өркениеті тарихында туған ұлтының рухани құндылық мұраларын өзіндік үлесімен байыта түскен, сол еңбегімен жалпыадамзат тарихындағы аса көрнекті тұлғалар қатарынан орын алған адамдар легі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. XX ғасырдың 20-жылдарының аяқ кезінен шығармашылық еңбек жолы басталған Қажығали (әдеби лақап аты Қажым Жұмалыұлы Жұмалиевтің (1907-1967) мұрасын да адамзат тарихындағы көрнекті тұлғалар тағылымы көрсеткіштерінің қатарында бағалаймыз. Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын, прозашы, драматург, ұстаз-педагог атақ-дәрежелерімен оның қазақ тарихындағы өзіндік орыны даралана көрінеді.

Қажығали (Қажым) Жұмалиев – фольклортанушы, әдебиеттанушы-ғалым. Ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектері мынадай жүйесімен сараланады: 1. Фольклор поэтикасы; 2. Әдебиет тарихы. 3. Әдебиет сыны. 4. Әдебиет теориясы;

Ғалым поэтикасына арналған зерттеулерінде фольклортанудағы маңызды мәселелерді қарастырған. Қазақ және әлем халықтары фольклорындағы тұрмыс-салт жырларын, ертегілерді, аңыздарды, батырлар жырларын, ғашықтық жырларын (лиро-эпос), айтыс өлеңдерін –бәрін де арнайы ғылыми-зерттеу еңбектерімен зерделеді. Орта мектепке арналған «Қазақ әдебиеті» (8-сынып, қазіргі 9-сынып) «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958) атты монографиясында қазақ фольклорының негізгі жанрлық түрлерін, поэтикалық сипатын жан-жақты ғылыми тұрғыда бағалады. Осы еңбектерінде ол қазақ фольклоры мұраларының жиналу тарихын да үш кезеңге бөліп жүйелейді: 1-кезеңі – В.В. Радлов, И.Е.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, Н.Ильминский, А.Е.Алекторов, А.Н. Васильев, т.б.; 2-кезеңі – Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Әбубәкір Диваев, т.б.; 3-кезеңі – Кеңес дәуіріндегі жиналуы.

Ғалым қазақтың батырлар жырларын, оның ішінде «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс» жырларын сөз өнері поэтикасы бойынша жүйелеп талдаулар жасаған.

Батырлық жырларды жадқа сақтап жырлаушылардың (Мысалы, «Қобыланды батыр» жырын жырлаған жыршы-жыраулар Марабай, Мергенбай, Айса, Нұрпейіс) шығармашылық психологиясына, шеберлігіне баға береді. Ең бастысы – қазақ фольклорындағы көрнекті қаһармандық жыр-дастандары тууының, қалыптасуының қазақ тарихының ежелгі кезеңдерінен бастау алатындығын басты назарда ұстайтындығы. Бұл орайда, ғалымның мына ғылыми пікірі айрықша назар аудартады:

«Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары ерте замандардағы патриархалдық рулық құрылыс кезінде: Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Керей, Қыпшақ замандарында әр рудың өз тәуелсіздіктерін сақтап қалу үшін күрескен адамдардың істерін ерлікке айналдырып жыр еткен қысқа көлемді жырлар жатуы, кейін олар ұмытылса да есте сақталынып қалған аңыздардың негізінде ұзақ жыр поэмалардың тууы мүмкін аңызы ғана» [1,7-б.]. Зерттеуші осы арада қазақ эпосындағы жыр-дастандардың тарихилығына нық етіп XII-XIV ғ.ғ. Алтын Орда, XV-XVI ғ.ғ. Қазақ хандығы дәуірлеріндегі тарихи тұлғаларға арналған жырларды бағалаған Шоқан Уәлихановтың пікірлерін қуаттайды. Демек, ғалымның тарихымыздың Қазақ хандығы дәуірлеріндегі сөз өнері мұраларының тууы мен сақталуы хақындағы өзіндік байсалды ойлары болған. Бұл арқылы ғалым сөз өнері мұраларының барлығының да әуелгі басталуы дара автор ақыннан бастау алатын тарихи поэтиканы негіздеді.

Ғалым қазақ фольклоры жанрларының, оның ішінде батырларының тақырып, идея, сюжет композиция, көркемдік мәселелерін сөз өнері заңдылықтары тұрғысынан талдаудың дәстүрлі жолын қалыптастырды.

Сөз өнері мұраларын талдауда ажарлау (теңеу, эпитет, құбылту(метафора, метонимия, синекдоха, аллегория, символ, т.б.), айшықтау (арнау, егіздеу, элипсис(сөз тастап кету), дамыту т.б. теориялық тұжырымдарды мәтіндермен дәйектеп, дәлелдеуді Қажығали Жұмалиев, Ахмет Байтұрсыновтан кейін кеңейте, дамыта тереңдетіп қалыптастырды, Академик Қажығали Жұмалиев қазақ тарихи жырларының авторлық әдебиет үлгілері екендігіне алғаш рет ғылыми тұжырым жасады:

«... эпостық жырлардың қаһармандары – атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін, суға салса баспайтын, отқа салса күймейтін қасиеттері бар және Бабай түкті Шашты Әзиз, Қырық шілтен тәрізді бағып жүретін иелері бар адамдар болып суреттелсе, тарихи жырлардың қаһармандары олардай емес, ержүректі, күш –қайраты мол, оқ өтіп қылыш кесетін жай адамдар. Тарихи жырлардың оқиғалары да осы тұрғыдан құралады...

Тарихи поэмалардың эпостық поэмалардан тағы бір айырмасы – автордың белгілі болуы. Бұлардан тарихи поэмалардағы оқиғаға қиял араласпай реалистік түрде суреттеледі және оған қатынасатын адамдардың тарихи шындық болуы» [1,220-221-б.б.] ерекшелігін тиянақты тұжырымдады.

Академик Қажығали Жұмалиевтің әдебиет тарихына арналған зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымының ХХ ғасырдағы негізгі тірек-арнасы ретінде орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы, ғылыми-зерттеу институтындағы жұмыстардың тиянақты негізі болды.

1940 жылы «XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдебиеті туралы» деген мақаласы осы кезеңдердегі көрнекті шығармашылық тұлғаларымыз (Бұқар, Дулат, Махамбет, Шернияз, Алмажан, Шортанбай, Мұрат, Сүйінбай, Біржан сал, Ақан сері, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ш. Уәлиханов, Ш. Бөкеев, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы шығармаларының ұлттық әдебиетті құрайтын поэтикалық сипатына теория тұжырым байыптау негізін жасады.

«Қазақ әдебиеті тарихының» алты кітаптан тұратын үш томдығы – ұлттық рухани мәдениетіміздің аса маңызды еңбек көрсеткіші. Сол алғашқы академиялық алты кітапта академик Қ.Жұмалиевтің қосқан үлес көрсеткіштері де қомақты. Ол - үш томдықтағы «Ер Тарғын» (1-том, 1-кітап), «XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті», «Бұқар жырау Қалқаманұлы», «Махамбет Өтемісұлы», «Шернияз Жарылғасұлы», «Алмажан Азаматқызы», (2-том, 1-кітап) «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті», «Ығылман Шөреков (2-том, 1-кітап), «Тайыр Жароков» (3-том 2-кітап) тарауларының авторы. Осы томдықтардың жалпы редакциясын басқаруы (2-том, 1-кітап), редакция алқасының мүшесі (2-том, 2-кітап; 3-том, 1-2-кітаптар) болуы да қазақ әдебиеті тарихын ғылыми жүйелеу жұмысына қатысқан еңбегінің көрсеткіштері.

Академик Қ. Жұмалиев қазақ әдебиеті тарихының әлемдік классикалық әдебиет үрдісіне лайықты тұлғалары Бұқар жырау Қалқаманұлының, Махамбет Өтемісұлының, Абай Құнанбайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының, Шәңгерей Бөкеевтің шығармаларын әдебиеттанудың халықаралық қолданыстағы қисындарымен байыптап талдаудың негізін қалыптастырды. Ғалымның «Әдебиет теориясы» атты оқулығы – Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабынан кейін мемлекетіміздегі орта мектеп пен жоғары оқу орындары үшін үздіксіз жарық көрген (1938, 1939, 1940, 1941, 1960) еңбек. Кітаптан көркем әдебиет шығармаларындағы тақырып пен идея, сюжет пен композиция көркемдік әдіс және т.б. теориялық анықталалар, тұжырымдар әлем әдебиеттерін саралап қарастырған кең тынысты ауқымдылығымен ерекшеленеді. Бұл Қазақстандағы орта мектептерде де, ғылыми-зерттеу еңбектер жазуда жетекші бағдарлы маңызын жоғалтпаған кітаптар қатарында танылады.

Ал, «Стиль - өнер ерекшелігі» (1966) атты еңбегі де теориялық тың тағылымымен ерекшеленеді. Зерттеуде С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов шығармаларындағы поэтикалық ерекшеліктер әлем классикалық әдебиеті дәстүрлерімен сабақтастыры талданған.

Зерттеуші әлем әдебиеті дамуындағы стиль ұғымында қолданылып келе жатқан бағыттарды, көркемдік әдістерді (классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм) сабақтастығын жүйелей саралайды. Көркем әдебиет дамуы үдерісіндегі дарынды, талантты қаламгерлер шығармашылығы

Академик Қажығали Жұмалиевтің әдебиет тарихына арналған зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымының XX ғасырдағы негізгі тірек-арнасы ретінде орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы, ғылыми-зерттеу институтындағы жұмыстардың тиянақты негізі болды.

1940 жылы «XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдебиеті туралы» деген мақаласы осы кезеңдердегі көрнекті шығармашылық тұлғаларымыз (Бұқар, Дулат, Махамбет, Шернияз, Алмажан, Шортанбай, Мұрат, Сүйінбай, Біржан сал, Ақан сері, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ш. Уәлиханов, Ш. Бөкеев, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы шығармаларының ұлттық әдебиетті құрайтын поэтикалық сипатына теория тұжырым байыптау негізін жасады.

«Қазақ әдебиеті тарихының» алты кітаптан тұратын үш томдығы – ұлттық рухани мәдениетіміздің аса маңызды еңбек көрсеткіші. Сол алғашқы академиялық алты кітапта академик Қ.Жұмалиевтің қосқан үлес көрсеткіштері де қомақты. Ол - үш томдықтағы «Ер Тарғын» (1-том, 1-кітап), «XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті», «Бұқар жырау Қалқаманұлы», «Махамбет Өтемісұлы», «Шернияз Жарылғасұлы», «Алмажан Азаматқызы», (2-том, 1-кітап) «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті», «Ығылман Шөреков (2-том, 1-кітап), «Тайыр Жароков» (3-том 2-кітап) тарауларының авторы. Осы томдықтардың жалпы редакциясын басқаруы (2-том, 1-кітап), редакция алқасының мүшесі (2-том, 2-кітап; 3-том, 1-2-кітаптар) болуы да қазақ әдебиеті тарихын ғылыми жүйелеу жұмысына қатысқан еңбегінің көрсеткіштері.

Академик Қ. Жұмалиев қазақ әдебиеті тарихының әлемдік классикалық әдебиет үрдісіне лайықты тұлғалары Бұқар жырау Қалқаманұлының, Махамбет Өтемісұлының, Абай Құнанбайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының, Шәңгерей Бөкеевтің шығармаларын әдебиеттанудың халықаралық қолданыстағы қисындарымен байыптап талдаудың негізін қалыптастырды. Ғалымның «Әдебиет теориясы» атты оқулығы – Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабынан кейін мемлекетіміздегі орта мектеп пен жоғары оқу орындары үшін үздіксіз жарық көрген (1938, 1939, 1940, 1941, 1960) еңбек. Кітаптан көркем әдебиет шығармаларындағы тақырып пен идея, сюжет пен композиция көркемдік әдіс және т.б. теориялық анықталамар, тұжырымдар әлем әдебиеттерін саралап қарастырған кең тынысты ауқымдылығымен ерекшеленеді. Бұл Қазақстандағы орта мектептерде де, ғылыми-зерттеу еңбектер жазуда жетекші бағдарлы маңызын жоғалтпаған кітаптар қатарында танылады.

Ал, «Стиль - өнер ерекшелігі» (1966) атты еңбегі де теориялық тың тағылымымен ерекшеленеді. Зерттеуде С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов шығармаларындағы поэтикалық ерекшеліктер әлем классикалық әдебиеті дәстүрлерімен сабақтастыры талданған.

Зерттеуші әлем әдебиеті дамуындағы стиль ұғымында қолданылып келе жатқан бағыттарды, көркемдік әдістерді (классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм) сабақтастығын жүйелей саралайды. Көркем әдебиет дамуы үдерісіндегі дарынды, талантты қаламгерлер шығармашылығы

бойынша ғана айқындалатын стиль ұғымының теориялық-методологиялық сипатын негіздеп тұжырымдаған:

«Стиль – жазушының барлық туындаларын түгел қамтиды. ...Өйткені, стиль – жазушының өзі.

Стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктері, тағы басқа компоненттері кіреді. Ең орталық мәселе – идеялық мазмұн [2,13-б.]. Қаламгерлердің табиғи қабілетімен ғана жүзеге асатын шығарма мазмұны мен пішінің құрайтын сөздерді іріктеу, сол арқылы сөз тіркестерін, сөйлемдерді поэтикалық даралық мәнерімен өрнектеу арқылы қаламгерлердің тұғыры суреткерлік шеберлік деңгейіне көтерілетінін атап көрсетеді:

«Әркімнің өзінше сөз саптау, сөйлем құрастыру, сөзіне өзінше мән беру, ана тілі негізін сүйене отырып, жаңа бір тыныс жасау, сөйлемдегі сөз тіркестерінің дағдыдағы қалпын өзгерту, кейде архаизм, кейде неологизм, кейде шет сөз ауыстыру, кейде инверсия, эллипсистер арқылы кейде мүлде күтпеген жерден әдебиетте бұрын кездеспейтін бір жаңалықтарға жазушылардың қолы жетеді» [2,19-б.].

Ғалым қазақ қаламгерлері шығармаларындағы стиль мәселесін әлем өркениеті кеңістігіндегі классикалық мұралармен тектестік, үндестік тұрғысынан бағалайды. Стильдің болуындағы шығармашылық дарын, талант «Дарын жоқ та – стиль жоқ» [2,25-б.]; «Талант та азық тілейді. Оның азығы – қалам құрғатпай талантты еңбек өсіреді» [2,53-б.] тағылымын басты назарда ұстайды. С.Сейфуллин поэзиясындағы романтикалық және лирикалық сарын тұтастығы, лирикалық шегіністер, Б.Майлин шығармаларындағы реализм, халықтық дүниетаным, сатиралық-юморлық сыншылдық, І.Жансүгіров туындыларындағы, психологизм-лиризм тұтастығы бейнелі тіл өрнектерінің көркемдік-эстетикалық мағыналылығы, С.Мұқанов романдарындағы («Сұлушаш», «Ботакөз») дәуір шындығының эпикалық, тарихилық сипаты-бәрі де стиль поэтикасы аясында қарастырылады. Аталған алыптар дәстүрін жалғастырған көрнекті ақын-жазушылардың да стильдік өрнектерін алғаш рет саралап бағалады. Т.Жароковтың романтикалық сарынды мәнеріне, дәуір шындығына сергек үн қосқан реализміне, драматург С.Камаловтың «Ер Тарғын» операсы либреттосының идеялық-композициялық стилдік ерекшелігіне алғаш рет ғылымибаға берді.Ә.Сәрсенбаевтың лирикалық өлеңдеріндегі өмірлік шындық ауқымының кеңдігі, романтизм мен реализм көркемдік әдістерінің классикалық деңгейдегі көркемдік тағылымы дәлелденген. Д.Әбілов поэзиясындағы сюжетті лирикалық өлеңдерге және эпикалық кең тынысты поэмаларға теориялық бағалау берілген.

Әдебиеттегі стиль сабақтастығын жүйелеуде әлем халықтары әдебиеттеріндегі М.В. Ломоносовтың, В.Г.Белинскийдің шығармашылығын, қырғыз эпосы «Манасты» да арнайы қарастырғаны маңыздылығымен байқалады. Қырғыз ақыны Тоқтағұл Сатылғанов пен Махамбет Өтемісұлы шығармаларын салыстыра қарастыруы да салыстырмалы тарихи әдіспен

зерттеудің үлгісін қалыптастыруға бастама ретінде көрінеді. Шәңгерей Бөкеев шығармаларын жаңашыл сарынды Фет, Тютчев, Лермонтов шығармаларымен салыстыра талдайды. Романтизм сарынындағы әлем әдебиеті шығармаларындағы элегиялық өлеңдердегі лирикалық қаһармандар тұлғалары даралана жырлануының психологиялық, философиялық, көркемдік сипат белгілерін саралап көрсетеді.

Абайтану – қазақ әдебиеттануындағы әдебиет теориясы мен әдебиет тарихы, әдебиет сыны қисындары мол тоғыса қолданылатын күрделі сала. Академик Қ.Жұмалиев фольклортанудың, әдебиеттанудың ғылыми-теориялық методологиясы негізінде Абайтануды қалыптастырған, байытқан іргелі зерттеулер жазды.

Ғалымның Абайтанудағы алғашқы еңбектері мақалалары республикалық баспасөз беттеріндегі жарық көрген еді. Мысалы: «Абай ғылым туралы» («Лениншіл жас», 1940.16.10), «Көркем тіл жөніндегі Абайдың кейбір жаңалықтары» («Көкшетау правдасы, 1945.15.07), «Қазақ халқының кемеңгер ақыны (Абай туралы) (Советтік Қарағанды 1949, 22.06), «Абай поэзиясының тілі» («Әдебиет және искусство», 1940, №12), «Абай-ұлы реалист ақын» («Әдебиет және искусство», 1941, №4), «Қазақ өлең құрылысы, тілі жөніндегі Абайдың жаңалықтары», (Майдан, 1941, №2), «Абай Құнанбаев» (Сөз зергерлері, Алматы, 1966), т.б. [3, 144-152-б.б.].

Ғалымның әлемдік әдебиеттанудың классикалық методологиясын жан-жақты меңгере отырып жазған аса көрнекті ғылыми-теориялық еңбектері зерттеу саласы осы Абайтануға арналған.

Абайтанудағы көрнекті еңбектері қатарында «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелелері және Абай поэзиясының тілі» (1960) (2-том) кітабындағы Абайға арналған бөлімдерін айтамыз.

Кітаптың құрылысы тақырыптық атауына орай қазақ әдебиеті тарихының даму үдерісі аясында көрнекті шығармашылық тұлғаның хакім Абай тілі ерекшелігін даралап таныту бағдарланған. Сондықтан болу керек, кітаптың бастауы бағдарын құраған алғашқы бөлікте «Шоқан (Мұхамедханафия) Уәлиханов», «Ыбырай Алтынсарин» атты арнайы тараулар берілген. Кітаптың 1-бөлімінде мынадай тақырыптармен әдеби-тарихи ғылыми сипаттамалар берілген:

- «Абайдың өмірі мен Абай туралы жазылған еңбектер».
- «Абай шығармаларындағы шындық және әлеуметтік-теңсіздік мәселелелері».
- «Мағауия Абайұлы Құнанбаев».

Зерттеудің II бөлімі «Абай поэзиясының тілі» деп аталады. Еңбектің «Терең ғылымдық еңбек («Беташар»)» деп аталатын бастау сөзін жазған академик-жазушы Сәбит Мұқановтың пікірін осы арада келтіреміз:

«...еңбегі «Абай поэзиясының тілі» деп аталса да автор жалғыз Абайдың ғана поэзиялық тілі емес, бүкіл XIX ғасыр қазақ поэзиясының тілін тұтасынан алады. ...автор бұл еңбегінде үш мәселені дұрыс шешеді:

1. Абайдың өскен топырағы – қазақтың халықтық әдебиеті. Ондай әдебиет болмаса, Абай да болмас еді.

2. Абайдан арғы кезде де, Абай тұсында да, қазақ әдебиетіне көбірек әсер еткен Шығыс әдебиеті. Ол әдебиеттерден Абай да азықтанды.
3. Абай жасаған XIX ғасырдың екінші жартысында, қазақ халқының өмірінде, жаңа дәуір басталған еді. ...Қажым Абайды орыс көлеңкесінде өскен кезде сияқты ақын ғып емес, олардан үйрене отырып, солармен теңдесе өскен, өзіндік ойы, көркемдік әдісі, шеберлігі бар ақын ғып сыйпаттайды» [4,125-126-б.б.].

«Абай поэзиясының тілі» зерттеу жұмысындағы тараулардың тақырыптары кешенді сипатымен ерекшеленеді. «I тарау. Түсіндірме; II тарау. Поэтикалық тілдің қазақ өміріндегі орны мен мәні», III тарау. «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі». «IV тарау. Абай сөздіктерінің әр түрлі салалары»; «V тарау. Абай өлеңдеріндегі өзінің тура мағынасында қолданылатын сөздер: а) Архаизм, б) Диалект; в) Шет сөз; г) Абай өлеңдеріндегі жаңа сөз (неологизм) жаңаша сөйлемдер»; «VI тарау. Абай өлеңдеріндегі эпитет және оның түрлері»; «VII тарау. Теңеу, оның Абай өлеңдеріндегі түрлері»; «VIII тарау. Абай өлеңдеріндегі ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер (тропы): а) Метафора; б) Метонимия; в) Синекдоха; г) Символ; д) Аллегория; е) Кейіптеу (олицетворение)»; «IX тарау. Абай өлеңдеріндегі ирония, сарказм, гипербола (әсірелеу) және литота»; «X тарау. Абай өлеңдеріндегі фигура және олардың түрлері. Абайға тән кейбір ерекшеліктер»; «XI тарау. Абай қазақтың бірінші психолог ақыны»; «XII тарау. Абай өлеңдеріндегі ақыл, нақыл сөздер. Олардың Абайға шейінгі әдебиеттердегі бар түрлерімен салыстырғанда бірлігі және айырмасы»; «XIII тарау. Абай аудармалары және оның тілі»; «XIV тарау. Тіл туралы Абайдың өз көзқарасы»; «XV тарау. Қазақтың әдебиетін және әдебиет тілін дамыту, ілгерілетудегі Абайдың тарихи мәні»

Қажығали (Қажым) Жұмалиев - қазақ сөз өнері тарихында ақын, прозашы ретінде де танымал қаламгер.

Алғашқы өлеңдер жинағы «Шабуыл» (1933ж) кітабындағы мынадай шығармаларымен танылған: поэмалары: «Ер Жәукен», «Егізбай мен Ерғожа»; Лирикалық өлеңдері: «Қайлашы» (1979); «Польша жұмысшыларының уәкілдері келгенде» (1929), «Конфиска жазы» (1929), «Шымырлап еңбек қайнайды» (1929), «Бас, трактор маршқа» (1929), «Балапан» (1929), «Алатау» (1929), «Түрсиб» (1929). Өлеңмен жазылған романы «Қанды асу» (1934) он бөлімнен құралған.

Қаламгердің екінші өлеңдер жинағы «Өмір жыры» (1938ж) аталады. Ондағы «Жылқышы» (1934ж) поэмасы мен «Көсем туралы жыр» (1937), «Кім едік кеше, кім болдық?» (1934), «Қызыл ер» (1939), «Дауылпаз» (1932), «Қыс пен жылқышы» (1935) атты туындыларын атаймыз.

Бұл шығармаларда ол жылдардағы қазақ ауылы және өндіріс орындары олардағы қазақ шаруаларының, жұмысшыларының еңбектегі тағдыры жырланды.

Ақынның дала келбеті мен адам тұлғасы тұтастығын бейнелі өрнектермен жырлауды эстетикалық әсерімен оқырмандарын баурайды:

Жазық қабақ сар дала,
Көк мақпалдай көгерген.
Үйірім-үйіреде сай-сала,
Өрнегі артқан өнермен.
Қырмызы қызыл қызғалдақ,
Басын жарған күлтілдеп.
Гүлдер гүлін шашқан шақ,
Жас келіндей үлпілдеп.
Шашақ жүні жалбырап,
Бырт-бырт күйсеп қой жатыр,
Аз ғана қойын «кіш-кіш»-деп,
Қой баққан қойшы жас батыр [5,37-6].

«Егізбай мен Ерқожа» (1928) ақынның тұңғыш поэмасы. Егізбай – дәулетті қазақ шаруасы, Ерқожа – соның қойшысы. Кеңес үкіметі саясатымен Ерқожа Егізбайдың малын (тор жорғасын) иеленген. Поэмада табиғаттың әсем көрінісі лирикалық сыршылдықпен бейнеленген:

Жылжи-жылжи алтын таудан асты,
Өкпедей ғып қызартып тау мен тасты.
Қызыл қанға батысты малғандай ғып,
Әлеміштеп бетіне бояу жақты.
Көк жүзінде күлімдеп уақ жұлдыз,
Жас сұлудай жымып жымың қақты.
Баяулаған жібек жел кешке жақын,
Шөптің бетін аймалап сүйіжатты [528-6].

«Ер Жәукен» (1929) поэмасында қазақ жұмысшысы Жәукен, қоғам, дала романтикалық әсірелеумен өрнектелген. «Қанды асу» (1934) – он бөлімді өлеңмен жазылған роман. Басты кейіпкері - қойшы жігіт Сәлім.

Мұқан байдың қойын бағады. Бірінші бөлімде қасқырлар Мұқанның бес саулығын Сәлім қалғып жатқанда жейді, сол үшін байдың інісі Әлмағамбет Сәлімді сабап талдырып, ат құйрығына байлап сүйретіп өлімші етіп тастайды. Сәлім есін жиып, Олжабай жолдасына келеді.

Романның екінші бөлімінде байға қайтып бармаған Сәлім, 1916ж. ұлттық-азаттық көтерілісі басшыларының бірі болады. Өздерін іздеген Мұқан болыстың ауылына шабуыл жасайды, патша отрядымен бетпе-бет келеді. Жазалаушы патша отряды пулеметпен атқылайды, зобалаң жасайды.

Үшінші бөлімдегі сюжет желісінде көтерілістің жеңілгені, Сәлімнің және 30 жігіттің түрмеге қамалғаны, дәулеттілер балаларының орнына қарапайым шаруа балаларының майданға жіберілгені баяндалған. Төртінші бөлімде елдегі ауыл хал-ахуал, Мұқаннан өш алуға келген Сәлімнің Мұқанды түнде таяқпен ұрып қашып айтылған. Бесінші бөлімдегі оқиғалар жүйесінде (1917ж). Ақпан төңкерісінен кейінгі аштық-жалаңаштық. Сәлімнің Жымпитыдағы Хан ордасына барғаны, арызына мән бермеген әміршіні ұрғаны, сол үшін алашорданың түрмесіне қамалғаны айтылған. Қызылдар түрмеден босатып, Сәлім сол әскерге кіріп, ақтар мен

алашордаға қарсы күреседі. Жараланады. Алтыншы бөлімде елдегі қарақшы бандаларға қарсы күрескен Сәлім, халықтың ішкі жағдайын ондауды атқарды. Жетінші бөлімде, аштық, жұт күйзелткен халықтың даладан сораң мен ақ шоңқай теріп жүргенін жырлаған. Тамақ іздеп қаңғырған Сәлімді қасқырлар қамап, Малтақ жылқышы құтқарады. Сегізінші бөлімде Тұзтөбе өндірісіне келе жатқан Сәлімнің жанындағы екі інісінің біреуі жолда аштан өледі. Аман қалған бір інісін Мұқан байға әкелгенде үйіне кіргізбей қуып жібереді. Тоғызыншы бөлімде Сәлім Тұзтөбеге келіп, жұмыс істеп, өндірісті игереді. Болыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Оныншы бөлімде Сәлім - совхоз директоры, машина, трактор әкелінді. Қастандық істегісі келген Мұқанның інісі Әлмағамбет он жылға сотталады. Сәлімнің КазЦИК-ке мүше, танымал қызметкер болғанын оқимыз.

«Достық пен махаббат» (1957) поэмасында жау қоршауына түскен украин жігіті Тарас пен қазақ жігіті Сағынайдың достығы, Тарастың қарындасы Нина мен Сағынай арасындағы шынайы махаббат жырланды. Поэма екі бөлімді: бірінші бөлімі – «Түнгі шам», екінші бөлім – «Екі дос». Поэманың идеялық-композициялық түйінінде ашу мен ақылға анықтама берілген. Ақыл мен ашудың қарама-қайшылығы уәжде. Ақылдың тірегі ерік, қайрат, түркі философиялық тұжырым жасалған. Қызғаншақтық, күншілдік сырын анықтайды.

Ақын Қ. Жұмалиевтің философиялық толғаныстары:

Ежелден ашу алда, ақыл кейін,

Өткізіп ақыл келер іс деңгейін.

Сан соғып жейді опық көпке дейін.

Ақылдың ескі досы: ерік, қайрат,

Басқадан гөрі ақылға тұрар бейім.

Ашу ит көздің отын жалындатып,

Адуын бесті асаудай арындатып.

Жықпай ма жарға сені қылмай ма мерт?

Тоқтатпаса шаужайдан сабыр тартып,

Ашудың арыны тез басылмай ма,

Салмағын сабыр қойса үстіне артып?![6,172 -б].

Жазушы Қ.Жұмалиев көркем көркем прозалық очерктерін, әңгімелерін 1931 жылдан бастап жаза бастаған. Жазушы «Қос білек», «Құрылысшылар әні», «Жаңа орда», «Жорық», «Жорық сыры», «Жолаушы жыры» атты әңгімелері газеттерде, журналдарда жарық көрді. Жазушы Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісті негізге ала отырып, тарихи роман жазуды бастаған. Сол романның жеке үзінділері 1944 жылы «Айқас» деген атпен жарық көрген.

Бұл басылымның повесть көлемінде үш тарауы бар: 1-тарауы – «Ұлы айқасудың алдында; 2-тарауы- «Таңба»; 3-тарауы «Тарлан атты жолаушы; - 4-тарауы – «Айқас».

Жазушының бірқатар әңгімелері ХХ ғ. 60-жылдарының ортасында жазылған. «Жұлдыз» журналында мынадай әңгімелер жарық көріпті: «Бір

сырлы сегіз қырлы», «Ұлық болсаң, кішік бол», «Күй жаршысы», «Талант табиғаты», «Қайсар қара, қайырымды адам», «Өнегелі өмір»; «Новый мир» журналында «Біздің Сәкен» естелік әңгімесі жарық көрген. Осы әңгімелердің біразы енген «Жайсаң жандар» кітабы қазақ (1969), орыс (1970) тілдерінде жарық көрген. Жазушының осы кітаптағы тарихи-эссе әңгімелерінің кейіпкерлері танымал тұлғалар: Сейітқали Меңдешев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ільяс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов, Қаныш Сәтбаев, Тайыр Жароков, Сағыр Қамалов, Санжар Асфендияров т.б.

Қ. Жұмалиев –драматург . Мұқан Төлебаевтың «Біржан Сара» операсының либреттосын жазған. Алғашқы премьерасы 1946 жылы 7-қарашада қойылған бұл опера 1958 жыл Мәскеуде өткен қазақ әдебиет мен өнерінің онкүндігі кезінде СССР мемлекеттік сыйлығына ие болды. Опера авторы М.Төлебаев СССР халық артисі атағын иеленді. Әрине, либретто авторы да осы атаққа лайық еді, бірақ берілмегені аса өкінішті.

Либреттода тарихтағы екі ақын айтысы бір эпизод етілген де, негізгі сюжет Біржан сал өміріне арналған. Либреттоның драматургиялық поэтикасына, оның авторына толық бағалау жасалмай келді. Драматург «Арбасу» пьесасын ақын Әбу Сәрсенбаевпен бірігіп жазған. Пьеса 1947-.. академиялық театрда қайта-қайта қойылған. Пьеса арқауында Берлин университетін бітірген байланыс инеженері Әмір Темірәлин жау тылындағы тыңшылық қызмет етеді. Бұл тақырыптағы қазақ әдебиеті шығармалары (Қ.Мұхаметжановтың «Жат елде» пьесасы, т.б.)

Қ. Жұмалиевтің жазушылық қаламынан 40-жуық өлең мен бес поэма, 30-ға тарта очерк, әңгіме, екі повесть, екі драма, 200-ден аса әдеби-сын мақалалары болған.

1953 жылы 27 мамырда Қазақ ССР Жоғары соты Қажығали (Қажым) Жұмалиевті ұлтшылдығы үшін айыптап (РСФСР УК 58-10 ст. бойынша) еңбек түзеу лагерінде 25 жыл болуына, мүліктерін тәркілеуге және шағымдану құқығы болмайтынына үкім шығарды.

Аса көрнекті әдебиетші ғалымды, жазушыны айыптауларға оның қазақ халқының фольклоры мен әдебиеті мұраларын жоғары оқу орындарындағы дәрістерінде баяндағаны, оқулықтарында, ғылыми-зерттеу еңбектерінде, көркем шығармаларында жазғаны негіз болған.

1953 жылдың 9-наурызында тұтқындалып, айыптау шешімімен осылайша ұзақ жалдарға сотталғаны, үнемі бақылауда болғаны [7,370-395-б.б.] – ДАРЫНДЫ, ҚАЙРАТКЕР ҒАЛЫМНЫҢ, ЖАЗУШЫНЫҢ шығармашылық тұлпар шабысына еріксіз тежеу жасады. Қазақ әдебиетінің ежелгі замандардан бастау алатын толық тарихына байланысты алғашқы ғылыми тұжырымдары «ұлтшылдық», «пантүрікшілдік» аталып айыпталған ғалым амалысыз тоқтаған. Осы арада Қажығали Жұмалиевтің дарынды шәкірті, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының БАС КӨСЕМ ҒАЛЫМЫ Серік Смайылұлы Қирабаевтың ұстазы туралы пікірі дәйекті айтылғанын сүйсінеміз: «... ол кезде хандық дәуірдің әдебиеті жайлы нақты деректер Қажым қолында болмады. Ал, түрік халықтарымен ортақ мұраны

қалыптастыру концепциясы да қалыптаспаған-ды. Орталық мұндай бағдарламалардан әрдайым пантүріктік, панисламдық «қателіктер» іздеп әуреленді» [8,277 -б].

Демек, түркі өркениеті, Қазақ хандығы дәуірлеріне арналған алғашқы ізденістерді бірден, ойланбастан қолдай қоймаған аса дарынды ҒАЛЫМ-ҰСТАЗды осы уақытқа дейін жөнсіз қаралап келгендердің ендігі шуылдауы орынсыз.

Академик Қажығали Жұмалиевтің шығармашылық мұрасы туралы М. Атымов зерттеу-естелік жазды. Р.Зайкенова, А. Мамыров диссертациялар қорғады. Ғалым-жазушының ғылыми, әдеби мұрасын толық қамтыған жаңа зерттеулердің жалғаса беретініне сенеміз.

Қорыта айтқанда, қазақ ғылымының аса көрнекті қайраткері академик-жазушы Қажығали (Қажым) Жұмалиев мұрасы ұлттық рухани құндылық тағылымы ұлағатымен тарихымызбен бірге жасай береді.

Әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958.-1-т. -402 б.
2. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі: Әдеби-зерттеу мақалалары. –Алматы: Жазушы, 1966.-228 б.
3. Атымов М. Қажым Жұмалиев өмірі мен творчестволық қызметі. –Алматы: Ғылым, 1987. -160 б.
4. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. –Алматы: : ҚМКӘБ, 1960. -364 б.
5. Жұмалыұлы Қ. Шабуыл: Өлеңдер жинағы. –Алматы, 1933. –
6. Жұмалиев Қ. Қырдағы күрес: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы,1957.
7. Жұмалиев Қ. Белестерден биікке өрлеу: Академик - Қ Жұмалиевтің 100 жылдық мерейтойына арналған жинақ. Алматы: 2007. -460 б.
8. Қирабаев С. Өмір толқындары: Естеліктер. –Алматы: Білім, 2006. -480 б

Резюме

В этой статье рассматривается труд и творчество казахского академика Кажыма Жумалиева. Его творчество всегда будет жить в казахской истории.

Özet

Kazak ilminin öne gelen yazarlarından olan Kajum Jumaliev'in eserleri milletimizle ebedi kalacaktır.

Resume

Creative activity and labour Kazhyma Jumalieva is considered in this article. And his creative activity will always live in kazakh history.